



МАҚСАТЫМЫЗ –
БАЛАЛАР МҮДДЕСІ

5-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ЕРТЕГІ ТҮННІҢ
ӘУЕНІ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ

ЕЛДІГІМІЗДІ ТАНЫТҚАН ЕРЕН ЖЫЛ

ҚР Президентінің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Берік Уәли Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізді дамыту мен өркендету жолында жыл бойы атқарған қызметіне шолу жасады. «Egemen Qazaqstan» газетіне жарияланған мақалада қоғамдық-саяси өмірдегі, әлеуметтік-экономикалық дамудағы іргелі өзгерістер мен табыстарға да қысқаша тоқталған.

Президент биыл жұмыс сапарымен еліміздің 11 өңіріне барды. Аймақтардағы 60-тан аса өндірістік және әлеуметтік-мәдени нысандармен танысып, жұртшылықпен кездесті. Сондай-ақ ел ішіндегі 41 іс-шараға қатысты. Олардың қатарында форумдар, кеңестер, отырыстар секілді түрлі форматта өткен жиындар бар. Еліміздің

саяси және қоғам қайраткерлерімен 137 кездесу өткізді. Мемлекет басшысы осы жылы 3979 құжатты қарап, қол қойды. Оның ішінде 95 заң, 319 жарлық, 81 өкім, 28 отырыс хаттамасы, 3456 қызметтік құжат қабылданды (25 желтоқсандағы мәлімет бойынша).

2-3

№155
(4743)

Сенбі
28 желтоқсан
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



18 МЫҢҒА КӨБЕЙДІК

2024 жылдың басынан бері 18035 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды.

Жыл басынан Қазақстанға келген қандастардың 45,4 пайызы – Қытайдан, 38,9 пайызы – Өзбекстаннан, 6 пайызы – Моңғолиядан, 5,8 пайызы – Түрікменстаннан, 2,7 пайызы – Ресейден және 1,3 пайызы басқа елдерден қоныс аударды. Еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 57,1 пайызды, еңбекке қабілетті жастағы кіші болғандары 33,4 пайызды және зейнеткерлер 9,5 пайызды құрайды.

«Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңіріне қоныстанды. Қандастарды қоныстандыру үшін келесідей еңбек күші тапшы өңірлер анықталды: Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары. Қоныстандыру өңірлерінде 2024 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы 3033 адамды құрайды. Биылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша қоныстандыру өңірлеріне 2961 қандас қоныс аударды» делінген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің хабарламасында.

Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 146,4 мың этникалық қазақ оралды. Ал 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстандағы халық саны 20223218 адам болды.

ЕҢ ТАНЫМАЛ ЕСІМДЕР

Ұлттық статистика бюросы 2024 жылы сәбилерге қойылған ең танымал есімдерді атады.

2024 жылы, өткен жылмен салыстырғанда, ұлдар есімі арасында болмашы өзгеріс орын алды. Ал соңғы 10 жыл (2014 жылдан бастап) бойы бірінші орында тұрған Әлихан есімін Мұхаммед есімі ығыстырып, бірінші орынға шықты. Екінші орында – Айсұлтан, үшінші орында Әлихан есімі тұр. Алғашқы ондықтан Нұрислам есімі шығып қалды. Ал қыздар арасында ең көп қойылған есім Айлин болып қалды. Екінші орында – Медина, үшінші орында Асылым есімі аталады. Ал Мәриям есімі тізімнен Әмина есімін ығыстырып, алғашқы ондыққа енді.



Астанада жедел жәрдем стансаларын заманауи медициналық құрал-жабдықтармен жабдықтау деңгейі 100 пайызға қамтылып отыр. Барлық бригадалар Weinman, BTL секілді жетекші әлемдік брендтердің техникасымен қамтамасыз етілген.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ЖЕДЕЛ ЖЕТЕДІ

Жақында Астана қаласының жедел медициналық қызметіне тағы да 47 жаңа көлік берілді. Арнайы автокөлік кілттерін Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова мен елорда әкімі Жеңіс Қасымбек салтанатты түрде табыс етті. Жаңа көліктер астаналықтарға жедел әрі сапалы

қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Енді жедел жәрдем қызметі науқастарға бұрынғыдан да тез жетеді. Бүгінгі таңда елорданың жедел жәрдем стансасының қуаты 110 бригаданы құрайды, оның ішінде 25 мамандандырылған, 85 фельдшерлік бригада жұмыс істейді.



«АЯЗ АТАДАН» САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Астана қаласының Полиция департаменті жаңа жыл мерекесі қарсаңында азаматтарды мұқият және қырағы болуға шақырды.

Құқық бұзушылық пен ұрлық-қарлықтың алдын алу мақсатында полиция қоғамдық орындарда қауіпсіздік шараларын күшейтті. Қоғамдық, сауда орындарында және орта бизнес объектілерінің жанында патрульдеу ұйымдастырылады. Сондай-ақ тәртіп сақшылары жаңа жыл қарсаңында теріс пиғылды адамдар мерекелік кейіпке еніп алаяқтық жасауы мүмкіндігін айтып отыр. «Бейтаныс адамдармен байланысқанда, әсіресе Аяз ата мен Ақшақар кейіпіндегі әртістерді жалдағанда қырағылық танытуға шақырамыз» деп ескертеді Полиция департаментінен.

СОҒЫМ FEST ӨТЕДІ

Бас қалада 28-31 желтоқсан аралығында кезекті соғым FEST өтеді. Оған Ақмола, Абай және Павлодар облыстарының фермерлері қатысады.

Қала әкімдігінің ресми сайты хабарлағандай, соғым FEST Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12А үйдегі «Koktal» сауда-саттық және ойын-сауық орталығының тұрағында өтеді. Бұл жерде 28-31 желтоқсан күндері қалалық ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі болады. Жәрмеңкеде Ақмола, Абай, Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстары шаруалары өз өнімдерін ұсынады. Жәрмеңке 28-31 желтоқсан күндері таңғы 10:00-ден кешкі 22:00-ге дейін жұмыс істейді. Соғым FEST 28-31 желтоқсанда сағат 07:00-ден 17:00-ге дейін өтеді.



ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЙДЫ

Елорда тұрғындары Ақтауда болған қайғылы оқиғаға байланысты Әзербайжан елшілігінің ғимаратына гүл шоқтарын қойып, қаза болғандарға тағзым етті.

25 желтоқсанда Ақтау әуежайына жақын жерде Бакуден Грозныйға бағыт алған Әзербайжан компаниясының ұшағы апатқа ұшырады. Бортта 69 адам болған, қаза тапқандар бар. Қаза тапқандар арасында 6 қазақстандық азамат болды. Сондай-ақ Астана қаласының тұрғындары зардап шеккен адамдарға көмектесу үшін қан тапсырды.



(Соңы. Басы 1-бетте)

**СЫРТҚЫ САЯСАТТА
ЖЕМІСТІ ЖЫЛ БОЛДЫ**

Биыл еліміз үшін сыртқы саясатта да жемісті жыл болды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев биыл 23 рет шет мемлекетке сапарлады, 19 халықаралық форум мен саммит жұмысына атсалысты. Халықаралық іс-шаралар аясында өзге елдің басшыларымен 27 рет кездесті. Сондай-ақ шет мемлекеттердің және үкіметтердің басшыларымен, басқа да жоғары лауазымды тұлғаларымен, халықаралық және өңірлік ұйымдардың жетекшілерімен, бизнес-қоғамдастық өкілдерімен 84 кездесу өткізді. 22 мемлекеттің елшісінен сенім грамоталарын қабылдады. Мемлекет басшыларымен 49 мәрте телефон арқылы сөйлесті. Енді осы сандармен өрнектелген жұмыс кестесінің барысында ел игілігі үшін жасалған істерге назар аударайық.

Ең әуелі, жыл басындағы ақжолтай жаңалықты айта кеткен абзал. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 9 қаңтарда «Алматы облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы» Жарлыққа қол қойды. Жетіген ауылы Алатау қаласы болып қайта құрылды. Осылайша, келешекте Алматы мен Қонаевтың ортасында бой көтеретін Alatau City қаласының іргесі қаланды. Бірнеше жылдан бері талқыланып келе жатқан жаңа урбанистік жобаны жүзеге асыруға шетелдік инвесторлар айрықша қызығушылық танытып отыр. Президент Сингапур сапарында және одан кейін де әлеуетті инвесторлармен кездесіп, Алматы агломерациясын өркендеген экономикалық аймаққа айналдыруды көздейтін жобаның жай-жапсарын талқылады.

**ҰЛТ ҰПАЙЫН ТҮТЕНДЕГЕН
ҚҰРЫЛТАЙ**

Елдік мәселелер қозғалатын Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы биыл көне Сарайшық жұртында – Атырау облысында өтті. Құрылтайда ұлт болмысын қалыптастыратын тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық секілді басты құндылықтар айқындалды. Сонымен қатар Президент бес әлеуметтік кеселмен күресті күшейту жөнінде нақты тапсырма берді. Осыған орай, биыл Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігі туралы заңға қол қойылды. Яғни тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қатаң жаза белгілейтін, балалар құқығының қорғалуын қамтамасыз ететін жаңа нормалар енгізілді. Бұдан бөлек, Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы арнайы заң қабылданды. Ванда-



ЕЛДІГІМІЗДІ ТАНЫТҚАН ЕРЕН ЖЫЛ

лизм мен өзгенің мүлкіне зиян келтіргені, қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейтуге, құмар ойынға тәуелділікті азайтуға, вейпке тыйым салуға бағытталған заңнамалық өзгерістер жасалды. Аталған бастамаларға қатысты заң жобаларын әзірлеуге Парламент депутаттарымен қатар, Ұлттық құрылтай мүшелері де белсенді атсалысты. Осылайша, Президент үнемі айтағын «Заң мен Тәртіп» үстемдігі қоғамда біртіндеп орнығып келеді.

**БІРЛІКТІҢ
БЕКЕМ ҮЛГІСІ**

Көктемгі су тасқыны елді әбгерге салып, халықтың да, мемлекеттің де мүлкіне зор зардабын тигізгені белгілі. Еліміздің 10 өңірінде жергілікті деңгейдегі төтенше жағдай жарияланды. Мемлекет басшысы адамдарды дереу қауіпсіз жерге көшіру және қарғын судан зардап шеккен азаматтарға қажетті көмек көрсету жөнінде тапсырма берді. Ең көп зардап шеккен үш облысқа, атап айтқанда, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарына барып, халықтың мұң-мұқтажын тыңдады.

Тасқын судың салдарынан мал-мүлкінен айырылған жандардың ешқайсысы елеусіз қалған жоқ. Мемлекет міндеттемесін толық орындады. Зардап шеккендердің бәріне материалдық қаржылай қолдау көрсетілді.

Атап айтқанда, су тасқынынан зардап шеккен өңірлерде комиссиялар жұмыс істеді, олар азаматтардың жалғыз баспанасы болған 19359 үй мен саяжай құрылыстарын тексерді. Оларды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында жылжымайтын мүлік нарығынан 5767 тұрғын үй сатып алынды. 9156 үйге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жүз пайыз аяқталды. Бұл мақсаттарға барлығы 54,7 млрд теңге бөлінді. Сондай-ақ қысқа мерзімде 64 млрд теңгеге 2680 жеке тұрғын үй салынды.

Бұған қоса 36455 отбасына жалпы сомасы 13,3 млрд теңге, яки 100 АЕК мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілді. 21876 отбасына 9,9 млрд теңге көлемінде 150 АЕК-ке дейінгі өтемақы төленді.

Шағын және орта бизнес субъектілеріне келтірілген залалды өтеу үшін 12,1 млрд теңге бөлінді. Зардап шеккен кәсіпкерлік субъектілеріне толық төлем жасау мақсатында «Демеу» корпоративтік қорынан Атырау, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарына 2,5 млрд теңге көлемінде қосымша қаражат бөлу мәселесі пысықталды. Аталған қаражат есебінен ШОБ субъектілерінің 40 өтініші бойынша шығыны өтелді. Жалпы, өңірлік комиссиялар 14,6 млрд теңгеге 734 кәсіпкердің өтінімін мақұлдады.

Тағы бір айта кетерлігі, мал шығынын төлеу үшін мемлекет

тарапынан көрсетілген көмектің көлемі 2,8 млрд теңгеден асты.

Осындай қиын-қыстау сәтте халқымыз ауызбіршіліктің үлгісін көрсетті.

АЛЫС-БЕРІС АРТТЫ

Жыл басында, яғни 7 ақпанда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент бәсеке-лестікті дамыту, экономикаға мемлекеттің араласуын қысқарту, бизнес шығындарын азайту арқылы кәсіпкерлік еркіндікті қамтамасыз етуді тапсырған еді. Қасым-Жомарт Тоқаев 10 мамырда «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Ал 2 қыркүйекте Қазақстан халқына арнаған «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында Президент еліміздің таяу келешектегі экономикалық дамуының негізгі бағыт-бағдарын айқындады. Үкімет жыл бойы осы негізгі міндеттерді атқаруға бар күш-жігерін жұмсады. Мәселен, 2024 жылдың I жартыжылдығының қорытындысы бойынша шетелден келетін тікелей инвестицияның жалпы көлемі 9,8 млрд долларды құрады. Бұл көрсеткіш тау-кен өнеркәсібі, көтерме және бөлшек сауда, өңдеу өнеркәсібі салаларында көбірек тіркелді. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі қаңтар-қараша айларында 15,8 трлн тең-

геге жетті. Бүгінде 795,9 млрд теңге көлеміндегі сомаға 134 жоба іске қосылды, 10,1 мың тұрақты жұмыс орны құрылды. Мемлекет басшысы жаңадан жұмысын бастаған бірнеше ірі зауыт пен кәсіпорынға арнайы барып, қызметімен танысты.

**БАРЫС-КЕЛІС
ЖЕҢІЛДЕЙДІ**

Еліміздің көлік-транзит әлеуетін арттыру бағытында айтарлықтай жетістіктер бар. Мысалы, Президент 28 ақпанда телекөпір арқылы Қытайдың Сиань қаласындағы Көлік-логистика орталығын ашты.

Сиань – Қытайдың тораптық транзиттік орталығы және ең ірі құрғақ порт орналасқан қаласы. ҚХР мен Еуропа Одағы арасына қатынайтын контейнерлік пойыздардың 40 пайызына жуығы осы жерден жөнелтіледі.

Сиань құрғақ портындағы қазақстандық терминалдың жобалық қуаты жылына – 66,5 мың ЖФЭ (жиырма футтық эквивалент). Терминал еліміздің экспорттаушылары үшін жаңа өткізу нарықтарына жол ашады, жүктерді жеткізу мерзімін едәуір қысқартады және Қазақстанның Еуразиядағы сенімді транзиттік хаб ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

3 шілдеде Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша

жүк көліктері мен теміржол контейнерлерін жөнелту рәсіміне телекөпір режимінде қатысты. Қытай – Қазақстан – Каспий теңізінің акваториясы – Әзербайжан – Грузия арқылы өтіп, әрі қарай Еуропа елдеріне баратын Транскаспий халықаралық көлік бағыты уақыт жағынан да, экономикалық тұрғыдан да тиімді көлік жолына айналады.

Сонымен қатар Өзбекстанмен арадағы көлік-транзит мүмкіндіктерін кеңейту және Трансауған теміржолы бағытын дамыту жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді.

Бұдан бөлек, елімізде 1,4 мың шақырым теміржол жөндеуден өтіп, 12 мың шақырым автокөлік жолы салынып жатыр. «Талдықорған – Оскемен», «Қарағанды – Алматы», «Ақтөбе – Атырау – Астрахан» жолдарының халықаралық талаптарға сай жаңғыртылуы еліміздің өңіраралық байланысы мен транзиттік әлеуетін айтарлықтай арттыра түседі.

Осы орайда Мемлекет басшысының тапсырмасымен Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары қаншама жылдан бері күткен Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпір құрылысы аяқталғанын айта кеткен ләзім. Бұл Марқакөл, Күршім аудандарының облыс орталығымен байланысын жеңілдетті. Бұған дейін аталған аудандардың халқы паром арқылы қатынап келген еді.

Еліміз жол инфрақұрылымына халықаралық даму институттарынан мол қаржы тартып отыр. Атап айтқанда, Дүниежүзілік банк Көлік жолдарының орнықтылығы мен байланысын жетілдіру бағдарламасы (TRACE) аясында атқарылатын қазақстандық жобаға 650 млн доллар бөлу жөнінде шешім қабылдады. Бұл қаржы Орта дәліздің әлеуетін арттыруға, соның ішінде «Жезқазған – Қарағанды» автомагистралін күрделі жөндеуден өткізуге жұмсалады. Сондай-ақ Азия даму банкі «Қызылорда – Жезқазған» жолының құрылысын жүргізуге 300 млн доллардан аса қаражат бөлді.

**ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІН
КӨТЕРГЕН ЖОБАЛАР**

Президенттің тапсырмасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында қалалар мен қарқынды дамып келе жатқан елді мекендерде 460 мың оқушыға арналған жана 217 мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Бүгінде 36 мектеп пайдалануға берілді. Оның 15-і ауылдық елді мекендерде орналасқан. Бұл – білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту ісінде қала мен ауылға бірдей көңіл бөлінеді деген сөз.

Ал бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында алғашқы санитарлық

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы бірқатар елге барды:



Мемлекет басшысы жылдың 36 күнін шетелдік сапарларға арнады.

ОТАНДЫҚ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ӘЛЕУЕТІН НЫҒАЙТУ

Мемлекет басшысы: «НЕГІЗГІ МАҚСАТЫМЫЗ – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНА ТЫҢ СЕРПІН БЕРУ».



Көктемгі су тасқынына қарамастан 26,7 миллион тонна астық жиналды. Бұл – соңғы 10 жылдағы рекордтық көрсеткіш. Дидандарға көктемгі егін егу және жиын-терін жұмыстарына 5 пайыз мөлшерімен жеңілдетілген несиелер берілді. Мұндай несиелену көлемі алғаш рет жарты триллион теңгеден асты. Заманауи агротехнологияларды қолдану арқылы дәнді дақылдардың түсімі биыл гектарына 16 центнерді құрады. Бұл көпжылдық орташа көрсеткіштерден әлдеқайда жоғары. Негізгі азық-түлік тауарлары бойынша импортқа тәуелділікті азайтуға бағытталған жобалар іске асырыла бастады.

Дәнді-дақылдар селекциясы мен тұқым шаруашылығы дамыту туралы нешеді жоспар қабылданды. Дидандарды отандық тұқыммен қамтамасыз ету жөнінде міндет қойылды. Ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейін жылына 8-10 пайызға дейін жеткізу. Бұл мақсатқа 120 миллиард теңге бөлініп, елімізде шығарылған ауыл шаруашылығы техникалары жылына 5 пайызбен жеңілдетілген лизингке беру бағдарламасы басталды. Сақтау сыйымдылығы 700 мың тонна болатын қоймалар салу мен жаңғыртудың нешеді жоспары қабылданды.



медициналық көмек көрсететін 276 нысанның құрылысы аяқталды. Оның 99-ы 2023 жылы, ал 117-сі биыл іске қосылды. Келер жылы 125 нысанның құрылысы жүргізіледі. Оның ішінде 32 аудандық аурухананы жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр.

БИЫЛ РЕКОРДТЫҚ ӨНІМ ЖИНАЛДЫ

Мемлекет басшысы агро-өнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыруға айрықша мән береді. Шетелге сапарлары кезінде осы саланың инвестициялық мүмкіндіктерін ұдайы таныстырып жүреді.

Биыл көктемгі су тасқынына қарамастан, 26,7 млн тонна астық жиналды. Бұл – кейінгі 10 жылдағы рекордтық көрсеткіш. Мұны мемлекеттің диқандарға көрсеткен жүйелі қамқорлығы мен қолдауының нәтижесі деуге болады. Көктемгі егін және жиын-терін жұмыстарына 5 пайыз мөлшерлеменен тікелей жеңілдетілген несиелер беріле бастады. Ол үшін алғаш рет жарты триллион теңгеден аса қаржы қарастырылды.

Негізгі азық-түлік тауарлары бойынша импортқа тәуелділікті азайту – маңызды міндет. Осы бағытта бірқатар жоба іске асырылды. Дәнді-дақылдар селекциясы мен тұқым шаруашылығын дамыту туралы кешенді жоспар қабылданды. Диқандар отандық тұқыммен қамтамасыз етілуге тиіс.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейін жылына 8-10 пайызға дейін жеткізу үшін 120 млрд теңге бөлінді. Техниканы 5 пайыздық мөлшерлеменен лизингке беру бағдарламасы басталды.

Өндірілген азық-түлікті сақтап, тұтынушыға жеткізуге қойма-логистика кешендері керек. Алдағы жылдары сыйымдылығы 700 мың тонна болатын қоймалар салынады.

Жалпы, биыл алғаш рет өткен Қазақстанның ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында агро-өнеркәсіп кешенін дамытудың негізгі міндеттері айқындалды. Онда көптеген іс-шаралар қатар, қазақ жылқысының тұқымын сақтау және көбейту үшін арнайы заң қабылданғаны айтылып, енді бұл бағытта тағы бір маңызды қадам ретінде Үкіметке Жылқы шаруашылығы институтын құру жөнінде тапсырма берілді.

БАЯНДЫ БАСТАМАЛАР

Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Яғни

қоғамда адал еңбек, адал азамат құндылықтарын сіңіру жолындағы жүйелі істер атқарыла бастады. Мысалы, денсаулық сақтау мәселелеріне қатысты заң медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін айқындап қана қоймай, олардың мәртебесін арттыруды, кәсіби міндетін атқару барысында жан-жақты қорғауды көздейді. Дәрігерлер қауымы бұл жаңалықты ыстық ықыласпен қабылдады. Тұңғыш рет «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы бекітіліп, алғашқы иелеріне табысталды. Жалпы, биыл мем-

екенін қатаң ескертті. Түпкі мақсат – қоғамда экологиялық мәдениет қалыптастыру.

Жыл бойы жүргізілген акцияға 2,4 миллионға жуық адам қатысты. Жүздеген мың аула мен аумақ тазартылып, 900 мың тоннадан аса қоқыс шығарылды. Шамамен 2,5 миллион көшет отырғызылды. 20 мыңнан аса әлеуметтік нысанның аумағы, 4,6 мыңнан аса қоғамдық орындар, саябақтар, шағын бақтар абаттандырылды. 5 мыңнан аса тарихи-мәдени нысан және 758 субұрпақ ретке келтірілді. Өзендер мен көлдердің және

сапары аясында осы елдің Президенті Эммануэль Макронмен және Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Ресей Президенті Владимир Путинмен АЭС құрылысы туралы пікір алмасты. Қазіргі уақытта Қытай тарапымен осы бағытта келіссөздер жүргізіліп жатыр. Яғни бірнеше жылға созылатын мегажобаны жүзеге асыру атом өнеркәсібінде мол тәжірибесі бар ірі компаниялардан құралған халықаралық консорциумға жүктеледі.

Жуырда Мемлекет басшысы Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевті қабылдап, елімізде

Франция және Мажарстан елдеріне мемлекеттік сапармен, ал Италия, Ватикан, Армения, Түрікменстан және Сербия елдеріне ресми сапармен барды. Мұндағы кейбір елдерге Қазақстан Президентінің соңғы 20 жылға жуық уақыттан кейін алғаш рет сапарлағанын атап өткен жөн. Бұл Мемлекет басшысының жан-жақты ықпалдастыққа баса назар аударатынын аңғартады. Мемлекеттік және ресми сапарлардан бөлек Президент түрлі халықаралық іс-шараларға қатысу үшін 11 елге жұмыс сапарымен барды. Бұдан басқа, елімізге түрлі деңгейдегі сапармен келген 11 шет мемлекеттің басшыларын қабылдап, келіссөздер жүргізді.

Бір жыл ішінде еліміздің бірінші бортты 158983 шақырымды ұшып өтті. Президент ұшақ пен тікұшақта 245 сағат 18 минутын өткізді. Бұл – жер шарын төрт рет айналып шыққанмен бірдей қашықтық.

САЛИҚАЛЫ САММИТТЕР

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына төрағалық аясында шілде айында Астанада аталған құрылымның 24-саммиті өтті. Қазақстанның Ұйымға төрағалық ету кезеңінде түрлі деңгейде 150-ге жуық іс-шара ұйымдастырылып, ұйымның шарттық базасы 60 жаңа құжатпен толықты. ШЫҰ серіктестері саналатын халықаралық ұйымдардың саны көбейді. Инвестициялар жөніндегі арнайы жұмыс тобының қызметі қайта жанданды. Алматы қаласы 2023-2024 жылдары ШЫҰ-ның мәдени және туристік астанасына айналды.

Биыл еліміз Түркі мемлекеттері ұйымына лайықты төрағалық етті. Осы кезеңде 80-нен аса іс-шара ұйымдастырылды. Ортақ түркі әліпбиінің нұсқасы бекітілді. Бес күн бойы Ұлы дала төсін дүбірге бөлеген V Дүниежүзілік көшпелілер ойындары осы ұйымның аясында ұйымдастырылған ең маңызды шараның бірі болды. Дүбірлі додаға 90 елден 2500-ге жуық спортшы келіп, күш сынасты.

БАСПАСӨЗБЕН БАЙЛАНЫС

Мемлекет басшысы отандық және шетелдік БАҚ-қа бірнеше рет сұхбат беріп, еліміздің ұстанымын білдіретін мақалаларын жариялады. Атап айтқанда, жылдың алғашқы күндері «Egemen Qazaqstan» газетінде кең көлемдегі сұхбаты жарық көрді. Онда Қаңтар оқиғасына нақты баға беріліп, ел дамуындағы өзгерістер қамтылды.

Сондай-ақ Әзербайжанның АРА, Арменияның «Арменпресс», ҚХР-дың «Синьхуа» ақпарат агенттіктеріне және «Жэньминь Жибао» газетіне сұхбаттары, Францияның Le Figaro, Ресейдің «Известия» баслымдарына мақалалары жарияланды.

Биыл Мемлекет басшысы екі рет журналистерге арнап брифинг өткізіп, БАҚ өкілдерінің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап берді. АЭС құрылысына қатысты республикалық референдумда дауыс бергеннен кейін Президент отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізді. Ал 7 желтоқсан күні Доха форумының Newsmaker Interview форматындағы панельдік сессиясы кезінде модератор, CNN журналисі Джулия Чаттерлейдің сұрақтарына жауап берді.

Сондай-ақ Президент шет мемлекеттер басшыларымен бірге БАҚ өкілдеріне арналған 14 брифинг өткізді.

Жыл басынан бері www.akorda.kz ресми сайтына Мемлекет басшысының жұмысы туралы, соның ішінде әртүрлі іс-шараларда сөйлеген сөздері мен үндеулері, Қазақстан халқына Жолдауы бойынша 814 ақпарат жарияланды. Президент Баспасөз қызметінің негізгі платформасының бірі – Aqorda телеграм-арна-еуы кезеңінде түрлі деңгейде 150-ге жуық іс-шара ұйымдастырылып, ұйымның шарттық базасы 60 жаңа құжатпен толықты. ШЫҰ серіктестері саналатын халықаралық ұйымдардың саны көбейді. Инвестициялар жөніндегі арнайы жұмыс тобының қызметі қайта жанданды. Алматы қаласы 2023-2024 жылдары ШЫҰ-ның мәдени және туристік астанасына айналды.

Мемлекет басшысының өзі де шетелге сапарлары, қабылдаған шешімдері жайында әлеуметтік желілердегі парақшаларына пост жариялап, олардың мән-мазмұнынан көшілікті хабардар етіп отырады. Бұл халықпен кері байланыстың тиімді құралына айналғаны сөзсіз. Жыл басынан бері Президент X-парақшасына 20 твит, ал Instagram парақшасына 30 пост жариялады.

Әлеуметтік желіден бөлек Мемлекет басшысының атына келіп жатқан өтініш, арыз-шағымдар мен талап-тілектерді талдап, саралау Президент Әкімшілігінің Өтініштерді қарауды бақылау бөліміне жүктелген. Биыл 26 желтоқсандағы мәлімет бойынша дәл осы платформа арқылы азаматтардан 49069 өтініш қабылданды.

Бір жылда атқарылған ауқымды шаруаны бір мақаланың шеңберінде қамтып шығу өте мүмкін емес. Дегенмен жұрт жадында сақталған, мемлекеттің даму тарихында өзіндік орны бар оқиғаларды осылай сараптап өттік.


Берік УӘЛИ,
ҚР Президентінің кеңесшісі –
Баспасөз хатшысы

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ұлттық жобасы

Қалалар мен қарқынды дамып келе жатқан елді мекендерде 460 мың оқушыға арналған

ЖАҢА 217 МЕКТЕПТІҢ құрылысы жүргізіліп жатыр. Бүгінде 43 мың оқушыға арналған 36 мектеп пайдалануға берілді.



лекеттік наградаға еңбегімен үлгі болып жүрген ел азаматтары көп ұсынылды. Келер жылы бұл игі дәстүр жалғасын тауып, еңбек адамына зор құрмет көрсетіледі.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы білім мен технологияға негізделген экономика құру ісіне зор көңіл бөледі. Мұның бір көрінісі ретінде биыл Ғылым және технологиялық саясат туралы заңға қол қойылуын айтуға болады. Онда ғылыми жетістіктердің нәтижесін өндіріске енгізуді көздейтін технологиялық саясаттың негізгі бағыттары мен тетіктері барынша қамтылды.

ТАЗАЛЫҚ ӘРКІМНІҢ ӨЗІНЕН БАСТАЛАДЫ

Президенттің бастамасымен сәуір айында жалпыұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталды. Көктемгі су тасқынымен арпалысып, дағдарған шақ болса да, Президент өңір әкімдеріне босаңсымай, айналы тазалау, абаттандыру ісіне дереу кірісуге пәрмен берді. Бұл жалпыұлттық сипат алатын тұрақты үдеріске айналуға тиіс

басқа да су айындарының айналасындағы 5,8 миллион шаршы метрден аса аумақ, 8,4 миллион метрден аса арық тазартылды.

ТАҒДЫРШЕШТІ ТАҢДАУ

6 қазан күні АЭС құрылысына қатысты өткен жалпыұлттық референдумда халық өз ықтиярын білдіріп, сондай-ақ инженерлер шоғыры мен әртүрлі бейіндері мамандар легін даярлауға жағдай жасайды. Демек оның пайдасын қазіргі жастарымыз бен болашақ ұрпақ көреді» деп атап өткен болатын.

Референдумнан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Республикасына мемлекеттік

салынатын атом электр стансасының құрылысын жеделдетуді тапсырды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Еліміздің сыртқы саясаттағы жетістіктеріне арнайы тоқталған жөн. Қазақстан биыл алты халықаралық ұйымға, атап айтқанда, ШЫҰ, ТМҰ, АӨСШК, ҰҚШҰ-ға, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымына, сондай-ақ Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалық етті. Франциямен бірге Рияд қаласында One Water саммитін ұйымдастырды. Осы жауапты миссияларды еліміз абыроймен атқарып шықты. Жоғары деңгейдегі кездесулерде маңызды бастамалар көтеріп, тиісті құжаттардың қабылдануына ұйытқы болды. Егемен әрі дербес ел ретінде өзінің саяси, экономикалық, әскери қауіпсіздік салаларындағы басымдықтарын ілгерілетте түсті.

Жыл басынан бері Мемлекет басшысы Қатар, Әзербайжан, Сингапур, Тәжікстан, Моңғо-

№155 (4743) 28/12/2024 Сенбі

БАЛАЛАР ҮЙІНЕ – СПОРТ КЕШЕНІ

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Астана қаласы әкімдігінің Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығында жаттығуға арналған спорт кешені ашылып, мұндағы балалар үшін мерекелік шырша ұйымдастырылды.



Аталған іс-шаралар Астана қаласы әкімдігінің жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссияның бастамасымен қолға алынды.

«Жаңа жылға орай осы орталыққа

арнайы спорт кешенін сыйлауға ниет білдірдік. Игі істің жүзеге асуына көптеген демеушілер, кәсіпкерлер атсалысты. Жаттығуға арналған орын балалардың бос уақытын пайдалы өткізуіне, денсаулығын нығайтуы-

на көп көмегін тигізеді деп ойлаймыз. Жаттығу залында батут, өрме-леуге арналған жартас, емдік және бейімдік дене шынықтыру жаттығуларына қажетті спорт жабдықтары бар» деді Астана қаласы әкімдігінің жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Назгүл Мақжан.

Сондай-ақ ол комиссия мүшесі, Астана қаласы Көркем гимнастика федерациясының президенті Мәдина Бектұрғанованың орталықтағы 25 қыз баланы көркем гимнастика үйірмесіне тегін жазғанын атап өтті.

Орталықта жаңа жылдық шырша ұйымдастырылып, өнерпаз балалар концерт бағдарламасын ұсынып, өз кезегінде қонақтарға ризашылығын білдіріп, өз қолымен жасаған сыйлықтарын тарту етті. Ал мерекелік іс-шара қатысушылары балаларды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, орталықтың жұмысына табыс тіледі.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Астананың Байқоңыр ауданында әлеуметтік қызмет көрсету орталығының зейнеткерлері «Астана қаласының мүгедек балалар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің тәрбиеленушілеріне арнап шырша мерекесін өткізді, деп хабарлады Elordainfo.kz.

Өнерлі ата-әжелердің ұйымдастыруымен өткен «Жаңа жылға арналған ғажайыптар!» атты жаңа жыл мерекесіне 15 бала қатысты. Шырша мерекесінде өнерпаз зейнеткерлер балалармен бірге шыршаны айналып ән айтып, «Маша мен аю», «Карлсон» мультфильмдерінің кейіпкерлеріне айналып, жаңа жылдық көрініс көрсетті. Балалар Аяз ата мен Ақшақарға ән салып, тақпақ айтып берді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды шырша мерекесімен құттықтауға «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының» басшылығы, Байқоңыр ауданы әкімдігі мен ардагерлер кеңесінің өкілдері келді. Мерекелік іс-шараға қатысқан ата-аналар да балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, жақсы әсер қалдырды. Ал балалар болса аға буын өкілдеріне өз ризашылығын білдіріп, алғыс айтты. Шыршаның түбі жаңа жылдық сыйлықтарға толды. Балаларға тәттілер мен



ойыншықтар таратылды.

Зейнеткерлердің бастамасымен өткен қайырымдылық шарасы бұ-

дан әрі жалғасын тауып, келер жылы «Қайырымдылық жібі» аясында өтетін болады.

«ТЕМІРБЕКТЕР» КӨБЕЙЕ БЕРСІН

Астана қаласы М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназияның 10-сынып оқушылары ақылды робот құрастырып шығарды. Ол түрлі сұрақтарға жауап бере алады. Сол арқылы оқушылардың сабаққа деген ынтасын оятуға да көмегін тигізді.

Оқушылардың айтуынша, оқушылардың оқу үлгерімін жақсартуға өздері құрастырып шығарған робот ерекше мотивация беретін көрінеді. Робот ақылды ақынның өлеңдерін жатқа біледі. Мемлекеттік әнұранды да орындайды. Бұл – жас өнертапқыштардың 4 ай бойғы еңбегінің жемісі. Оқушылар құлтемірге бағдарламалау тілі арқылы «сөйлеуді» үйретіп, «Темірбек» деп есімін де қойған.

«Қазіргі уақытта Темірбек еліміздің басқа қалаларындағы оқу орындарында балалармен байланыс жасап жүр» дейді информатика пәнінің ұстазы Айдана Оңғарбекқызы.

Жоғарыда айтқанымыздай, құлтемір сөйлей алады, сұрақтарға жауап бере алады. Оқушылар енді оны жүргізудің жолын ойластырып отыр.

М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназияның ашылғанына биыл 10 жыл толды. Сол уақыттан бері оқушылар робототехника үйірмесіне белсене қатысады. Сабақтан тыс уақытта түрлі функция атқаратын құлтемір құрастырып, 3D принтерімен қажетті бұйымдар жасайды.



Қазіргі уақытта елорда оқушыларының робототехника үйірмелеріне қатысуға деген ынтасы артқан. Себебі үздік туындылар республикалық

және халықаралық сайыстарға жолдана алады. Ал былтыр ел бойынша робот құрастырушы оқушылар үшін 100-ден аса жаңа дәрісхана ашылған.

Елордада өткен 50 үздік әлеуметтік жобаның жәрмеңкесінде осы саланың дамуына кәсіпкерлердің қосқан үлесі аталып өтіп, ең таңдаулылары марапатталды.

ӘЛЕУЕТІ ЗОР ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР



Айгүл
УАИС

Іс-шараның мақсаты – табысты әлеуметтік бастамаларды ұсыну, белсенді азаматтық жобаларды қолдау және оларды одан әрі дамыту мүмкіндіктерін талқылау.

«Биыл елордада үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп 50-ден астам әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда. Жобалар барлық әлеуметтік саланы қамтиды: білім беру, салауатты өмір салтын насихаттау, жастардың, балалардың бастамаларын және халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау, олардың құқығын қорғау, отбасы және тұрмыс мәселесін шешуге көмектесу. Бүгінгі таңда қалада азаматтық бастамаларды қолдау және дағдарыстық жағдайларды шешуге көмектесетін 15-тен астам көпфункционалды орталық бар. Елордалық үкіметтік емес ұйымдардың күнделікті жүйелі жұмысының арқасында табысты жүзеге асырылған жобалардың саны мен сапасы жыл сайын артып келеді» деді Астана қалалық Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Мирас Әбдірахман.

Ұйымдастырушылардың ай-

туынша, жәрмеңке үздік әлеуметтік шешімдерді көрсету, тәжірибе алмасу және тың идеяларды дамыту алаңына айналды.

«Біз «Азаматтық қоғамда креативті индустрияны дамыту бойынша іс-шаралар кешенін өткізу» бағдарламасы аясында үздік деген 50 әлеуметтік жобаның жәрмеңкесін ұйымдастырдық. Ағымдағы жылдың қыркүйек айынан бастап әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталған жобалар іріктелуде. Қаңтар айының соңында анықталатын үздік әлеуметтік жобаға қалалықтардың барлығы дауыс бере алатын сайт жасадық» деді Астана қаласы Ішкі саясат басқармасы үкіметтік емес сектормен жұмыс бөлімінің басшысы Айдана Қамзаева.

Іс-шараға қатысушылар өз жобасын ұсынып, қол жеткізген нәтижесімен бөлісіп, беллашақта ынтымақтастық орнату мақсатында бір-бірімен танысып қайтты. Сондай-ақ қонақтар назарына әлеуметтік жобалар туралы бейнероликтер қойылған стенд ұсынылды. Шараны Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы мен «Қазақстан даму» қауымдастығы ұйымдастырды.

СОТ ТАЛАПТАРЫ ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛАДЫ?

Астанада сот актісінің талаптарын ерікті түрде орындамайтын борышкерлер бар. Мұндай жағдайда сот орындаушысы оларға мәжбүрлеп орындау шараларын қолданады. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласы Әділет департаменті басшысының орынбасары Жанна Сүйімбаева мәлімдеді.

Айтуынша, қолданыстағы заңның 31-бабына сәйкес, сот орындаушысы өз ісін жүргізуге қабылдаған атқарушылық құжат болып саналады.

– Заңда көзделген ерікті түрде орындау мерзімінің аяқталуы мәжбүрлеп орындау шараларын қолдану үшін негіз бола алады. Атап айтқанда, осындай шаралардың бірі – мүлікке тыйым салу және оны сату арқылы борышкердің мүлкінен өндіріп алу. Ал борышкердің мүлкіне тыйым салу мүлктің тізімдемесінен, оған иелік етуге тыйым салудан, қажет болған жағдайда, осы мүлкті пайдалану құқығын шектеуден, оны алып қоюдан немесе сақтауға беруден, содан кейін осы мүлкті саудалау арқылы өткізуден тұрады, – деді департамент басшысының орынбасары.


Сот орындаушысы мен өндіріп алушы арасындағы сауда-саттықта мүлкті сатқаннан кейін орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылатынын айта келе, ведомство өкілі одан түскен қаражат

өндіріп алушылар арасында өндіріп алынатын сомаларға пара-пар бөлінетінін, бұл жағдайда мүлкті сату сот актілерін орындаудың мәжбүрлеу шараларын жүзеге асыру тәсілі саналатынын атап өтті.

– Мысалы, жеке сот орындаушысы борышкерге қатысты атқарушылық іс жүргізуде. А.Дауменов ба пайдасына сот орындаушысы Б.Мықтыбек борышкердің мүлкіне жағдайын анықтау мақсатында сұрау салуды уәкілетті және тіркеуші органдарға жібереді. Сауалға жауап ретінде борышкер А.Дауменованың сот орындаушысы алатын «Тойота Камри» маркалы автомашинасы бар екені анықталды. Содан кейін сот орындаушысы бағалау жүргізу туралы қаулы шығарады, кейін автомашина аукцион арқылы сатылады, ал оны сатудан түскен соманы өндіріп алушы Б.Мықтыбекке береді, осылайша мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары сот актісінің нақты орындалуына әкеледі, – деді Жанна Сүйімбаева.

«Qoldau» білім беру ұйымдарының Қамқоршылық кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы:

МАҚСАТЫМЫЗ – БАЛАЛАР МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ



Астанада әртүрлі өмірлік қиын жағдайға тап болған 500-ге жуық отбасы бар. Білім беру ұйымдарындағы Қамқоршылық кеңесі осындай балалардың қоғаммен бірге дамып, сіңісіп кетуіне, әлеуметтік ортада тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп келеді. Сондай-ақ соңғы үш жыл көлемінде елімізде жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтендіруге бағытталған «Birgemiz sabaqtastyq» әлеуметтік жобасы жүзеге асырылды. Осы жоба аясында атқарылып жатқан ауқымды іс-шаралар туралы қоғамдық бірлестіктің төрайымы Фариды САҒЫНДЫҚ әңгімелеп берді.

– Алдымен «Birgemiz sabaqtastyq» әлеуметтік жобасының мақсаты туралы айтып берсеңіз.

– Жобаның мақсаты – жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға бағытталған тәлімгерлік практикасын нығайту. Ал енді оны жетім балалар үйіндегі алқалы орган – Қамқоршылық кеңестер арқылы жүзеге асыру. Жоба үш жылдық республиканың барлық өңірін қамтыды. Биыл жоба аяқталды. Оның аясында балаларды әлеуметтендіру мақсатында волонтерлер әртүрлі бағытта жұмыс істеді. Мысалы, қысқа мерзімді оқытулар жүргізілді: бариста жобасы, флористика, тігін тігу, тоқыма, колөнер бұйымдарын жасау, тағы басқа, яғни бала бұл жерде компетенцияға ие болып, әрі қарай практика өтіп, жұмысқа тұруына септігін тигізеді. Өйткені балалар үйінде көбіне жасөспірімдер 9-сыныптан кейін колледжге түседі, сол кезде өзіне тапқан табысы демеу болады. Осыған орай, біз келесі нәтижелерге қол жеткізуді жоспарладық: жыл сайын 60-тан астам жеке тәлімгерді балалар мен жастар топтарына бекіту; 1500-ден астам волонтерді, соның ішінде 700 жас пен 50 күміс волонтерді тарту; 30-дан астам шағын грант жобасын жүзеге асыру, олардың кемінде 3-еуі болашақта бизнес және басқа ұйымдар тарапынан қаржыландырылатын болады деп күтті. Сонымен қатар жыл сайын профилді ұйымдармен кемінде 5 меморандум жасасу және 2024 жылға дейін аналитикалық есеп дайындау жоспарланған болатын. Жоба Қазақстанның барлық облыстары мен 3 ірі қаласын – Астана, Алматы және Шымкентті қамтыды.

– Жалпы бүгінгі таңда елімізде әртүрлі қиын өмірлік жағдайға тап болған балалар мен жасөспірімдер көп пе?

– Өкінішке қарай, осындай жағдайға тап болған балалар көбіне балаларды қолдау орталықтарына келіп түседі, басқаша айтқанда, ол – біздің жетім балалар үйлері. Олар мұндай мекемеге жай ғана түсе салмайды. Мұндай процедуралар ведомствоаралық өзара іс-қимыл орнату арқылы жүзеге асырылады. Осы бағытта қазір біз көптеген жұмыс атқарып жатырмыз. Елімізде жетім балалар аз, бізде көбіне «әлеуметтік жетімдер», яғни ата-анасы бар, бірақ әртүрлі жағдайға душар болған ересектер жеткілікті. Осындай отбасыларды «қолайсыз отбасылар» деп те атаймыз. Бұл жерде баланы, жасөспірімді отбасынан, ата-анасынан бөліп қарамауымыз керек. Оның да өзіндік процедуралары бар.

– Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне тәлімгерлік прак-

тикасын енгізу мақсатында «Birgemiz sabaqtastyq» ұлттық жобасын қолға алғандарыңыз белгілі. Осы тәлімгерліктің қоғамға пайдалы тұсы қандай, ол қалай жүзеге асырылады?

– Жалпы тәлімгер деген біздің қоғамға жат құбылыс емес. Қарапайым тірлікте кейде өзіміз де бір нәрсені білмесек, бізге қарағанда тәжірибесі анағұрлым мол, көргені мен түйгені бар адамдардан ақыл-кеңес сұрап, біліп жатамыз. Демек, сол адам біз үшін тәлімгер емес пе?! Ал енді мұның жүйелі түрде жұмыс істеуі әсіресе жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға, білім беру ұйымдарындағы жасөспірімдерге керек. Өйткені олар 9-сыныптан кейін көбіне колледжге түскен кезде әлеуметтенуі үшін тәлімгерлердің қолдауы мен көмегіне мұқтаж болады. Сондықтан тәлімгерлік тәжірибесін енгізудегі басты мақсатымыз – баланы материалдық құндылықтармен алдамай, эмоционалды тұрғыдан қолдау көрсету, бір-біріне сенім арқылы баламен байланыста болу. Бала қандай да бір қиын жағдайға тап болса, қасында сеніп, ақыл сұрай алатын ересек адам барын біліп, сезінуі тиіс. Кез келген уақытта тәлімгеріне жүгіне алатындай, өзін толғандырған сұрақтарына жауап ала алатындай әрі кез келген мезгілде оған көмек сұрай алатындай оған сенімді болуы керек. Қамқоршылық кеңестің мүшелері болғандықтан, біз өзімізді тәлімгер деп санай аламыз. Бұл ретте біз олардың өмірінде нендей өзгерістер болғанын анықтап, олардың қажеттіліктерін сұрап, оларды әлеуметтендіруге бет бұрамыз. Сондықтан Қамқоршылық кеңестің тәлімгерлік тәжірибесінің де маңызы мен мағынасы зор. Мысалы, елорданы алатын болсақ, бізде балаларды қолдау орталығы бар. Жалпы қазіргі кезде жетімдер үйі деген ұғым жоқ, тек олардың типтері бар. Солардың бірі – осы орталық. Мұнда қазіргі кезде 90-ға жуық бала тәрбиеленіп жатыр, бұл – шамамен 60 отбасы деген сөз. Бұл жерге түскен балалардың ата-анасы өз перзентінің жүріп-тұруына, біліміне, тәрбиесіне ешқандай атсалыспайды, өзінің жауапкершілігін мүлдем сезінбейді деуге болады. Қамқоршылық кеңестің төрайымы ретінде мен мұндай балалармен және олардың ата-анасымен жиі кездесемін және олармен көп жұмыс істеймін. Көпшілік жетім балалармен жиі араласпағандықтан, олар көп игіліктен құр қалған деп ойлауы мүмкін. Түк те олай емес. Жетім балалардың барлығы да мемлекет қамқорлығында. Оларға бюджеттен тиісті қаражат бөлінеді. Қамқоршылық кеңестің мүшелері де психоло-

гиялық тұрғыдан жан-жақты көмегімізді аямаймыз. Ата-анасы тастап кеткен бұл балалардың жүрегі жаралы ғой. Сондықтан біз олармен арада сенім орнатуға, қолымыздан келгенше бағынша көмектесуге тырысамыз. Жоба аясында біз үш жылдан бері балалар үйіндегі балақайлар мен жасөспірімдерге, сондай-ақ әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қиын жағдайға тап болған жасөспірімдерге тәлімгерлік ету тәжірибесін енгізу бойынша жұмыс жүргізіп келеміз. Бұл ретте біздің Қамқоршылық кеңес алдымын мұндай балалардың қоғаммен бірге дамып, сіңісіп кетуіне, әлеуметтік ортада тұлға болып қалыптасуына барынша ықпал етуде. Қалай болғанда да Қамқоршылық кеңес мүшелері мұндай балалардың мүддесі мен құқығын қорғауға атсалысып келеді. Біз өзіміз қойған мақсаттарға толығымен қол жеткізе алдық, Жобаның ең басты жетістігі – волонтерлік қозғалысты нығайту және тәлімгерлік бағдарламаны енгізу. 250-ден астам жеке тәлімгер балалар мен жастарға қолдау көрсетті. Волонтерлердің саны 4500-ден асты, олардың 2100-і – жастар, ал 150-і – күміс волонтер.

– Осы тұрғыда елімізде отбасын қолдау орталықтары белсенді жұмыс істеуде. Бұл іске Қамқоршылық кеңестің қосып келе жатқан үлесі аз емес. Солардың ішінде қандай игі істерді атар едіңіз?

– Иә, 3 жылдан бері республикалық жоба аясында отбасын қолдау орталықтарының жұмысын жетілдіру және қолайсыз отбасыларға көмек беру бағытында еңбек етудеміз. Қазір осы көмек көрсетудің методологиясын құру арқылы отбасын қолдау орталықтарына арналған бірнеше тұжырымдаманың жаңа жобасы дайындалып жатыр. Соның бірі Астана қаласындағы «Жанұя» отбасын қолдау институтымен меморандум жасасу арқылы біз көптеген жұмыс жүргізудеміз. Бұл жерде ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайту мақсатында көмекке толмағандар ісі бойынша комиссиямен, білім беру ұйымдарымен, денсаулық сақтау саласының ұйымдарымен және құқық қорғау органдарымен, балаларды қолдау орталықтарымен бірлесіп байланыс жасап, кез келген бір іс туындаған кезде жалпылама, кешенді түрде көмек беру арқылы біз осындай әдістемені құруды жоспарлап отырмыз. Осыған орай, еліміздің барлық аймағында Қамқоршылық кеңестері мен мүдделі тұлғалар үшін тегін онлайн семинар-тренинг жиі ұйымдастырылып тұрады. Волонтерлер мен тәлімгерлерге арналған оқыту тренингі өтті. Шағын грант-

тар бағдарламасы арқылы 284 өтінім қабылданып, оның 90-ы қаржыландырылды. Бұл бағдарламаның арқасында 2000-нан астам адамға көмек көрсетілді, ал 42 жоба үздік тәжірибелер жинағына енді. Жақында Шортанды ауданына барып, сала мамандарының қатысуымен «Жанұя» орталығында отбасын қолдау орталықтарының қызметін жетілдіруге бағытталған практикалық семинар-тренинг өткіздік. Оның барысында қатысушылар әлеуметтік арнаулы көмектен тыс қалған осал топтармен қалай жұмыс істейміз деген сұрақ төңірегінде әңгіме өрбітті. Бұған дейін дәл осындай семинар-тренингтер Астанада да ұйымдастырылып, үш күн бойы Жамбыл, Қарағанды, Жетісу облыстары мен Алматы қаласынан келген мамандар өзара пікір алмасып, әр облыс орталығында, қалалар мен аудандарда осындай отбасы орталығын ашу жөніндегі ойын ортаға салды. Соның негізінде қазір үлкен жұмыс жүзеге асырылып жатыр. Бүгінде жаңадан қабылданған әлеуметтік кодекстің 12 категорияға кірмей қалған, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларды тығырықтан шығарудың жолы жайында тұжырымдаманы әзірлеу үстіндеміз. Мұның бәрін біз кешенді түрде мониторинг жүргізу арқылы басқара отырып, «кейс-менеджмент» технологиясымен жүзеге асырып жатырмыз. Жобаны жүзеге асыру барысында, әрине, қиындықтар болды. Әсіресе шалғай аймақтардағы қатысушыларды тарту қиынға соқты. Біз бұл мәселені онлайн форматтағы іс-шаралар арқылы шештік. Сонымен қатар балалар мен жастардың сенімін арттыру уақытты қажет етті. Алайда волонтерлер мен тәлімгерлердің ынты-жігері мен адалдығының арқасында бұл қиындықтарды еңсере алдық. Жобаның арқасында біз балалар мен жастарға жаңа мүмкіндіктер ұсындық және олардың өміріне оң өзгерістер енгіздік деп ойлаймын. Бұл – бүкіл қоғамның бірлескен еңбегінің жемісі. Жобада жұмыс істеген барлық қатысушыларға, волонтерлерге және серіктестерімізге алғысымды білдіремін. Біз бірге үлкен нәтижеге қол жеткіздік, бұл – біздің ортақ жеңісіміз. Қазіргі таңда Астана қаласында 5 ауданды қоса есептегенде әртүрлі өмірлік қиын жағдайға тап болған 500-ге жуық отбасы бар. Білім беру ұйымдарындағы Қамқоршылық кеңесі осындай балалардың қоғаммен бірге дамып, сіңісіп кетуіне, әлеуметтік ортада тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп келеді.

Сұхбаттасқан
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Елордада медициналық ұйымдарды қаржыландыру мәселелері талқыланды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

Елордалық мәслихат жиынында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басшысы Гүлжан Шайхықбекованың Астанадағы медициналық ұйымдарды қаржыландыру мәселелері бойынша есебі тыңдалды. Баяндамада кредиторлық қарыздар, кеңес беру-диагностикалық қызметтерді шамадан тыс пайдалану, сондай-ақ жастарға арналған денсаулық сақтау және стоматологиялық орталықтарды ұйымдастыру секілді өзекті мәселелер көтерілді.

«Қор басшысының мәліметінше, медициналық ұйымдарға көрсетілген медициналық көмек үшін төлемдердің 87 пайызы қазіргі таңда өтелген. Алайда қараша айындағы техникалық қиындықтарға

байланысты 8 медициналық ұйымға төлемдер жақын күндері жүргізілме» деп жазды Ерлан Каналимов.

Мәслихат төрағасының сөзінше, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына түсетін өтіншістер саны 76 пайызға төмендеген.

Ерлан Каналимов «Желтоқсан айына арналған алдын ала төлемдердің 70 пайызы бүгіннен бастап төленеді. 2023 жылмен салыстырғанда, шағымдар саны 5 пайызға, ал жалпы өтіншістер саны 76 пайызға төмендеген» дей келе, мәслихат тарапынан төлемдердің жүйелілігін ерекше бақылауға алуға және проблемалық ұйымдарға қатысты егжей-тегжейлі талдау дайындауды тапсырды.



НӘРЕСТЕНІ АМАН АЛЫП ҚАЛДЫ

Астанадағы №2 қалалық көпбейінді аурухана жаңа туған нәрестелер хирургиясы бөлімшесінің мамандарымен алғаш рет аз инвазивті «Видеоторокоскопия, диафрагма пластикасы» операциясы жасалды. Кішкентай науқастың диагнозы – туа біткен диафрагматикалық жарық, оның үстіне нәресте 37 аптада шала туған, салмағы – 2800 грамм.

Туа біткен диафрагмалық жарық бұл диафрагмада ақау (тесік) бар дегенді білдіреді, әсерінен ішек пен асқазан кеуде ішіне еніп, науқастың өкпесі мен жүрегінің тарылуына әкеп соғады, нәтижесінде тыныс алу жеткіліксіздігі пайда болады да, сәби өздігінен дем ала алмайды. Әдетте, мұндай патологияда ашық түрде ота жасалады, кейін үлкен жарақатпен және операциядан кейінгі ұзақ қалпына келтірумен бірге жүреді. Аталмыш отаның бірегей тұсы – науқастың уақытынан ерте

туу мен аз салмағында. Жаңа технологиялардың, жабдықтардың және операциялық топтың үйлесімді жұмысының арқасында астаналық дәрігерлер мерзімінен бұрын дүниеге есігін ашқан нәрестелерге аз инвазивті әдіспен жоғары медициналық көмек көрсетуге мүмкіндігі бар. Осылайша олардың өмір сүру сапасын жақсартып, операциядан кейін тез қалпына келтіруге ықпал етеді. Қазір нәрестенің жағдайы қалыпты, өздігінен тыныс алады, жақын арада үйге шығады деп жоспарланып отыр.

ФАРИЗА – ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫ

Астанадағы Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназияда көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл толуына орай «Ф.Оңғарсынова шығармашылығы: ұлт руханиятына қосқан үлесі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

АҚЫННЫҢ БАРЕЛЬЕФІ АШЫЛДЫ

Фариза Оңғарсынованың шығармаларын өскелең ұрпаққа жеткізу, тәрбиелік мәнін түсіндіру, ұлттық құндылықтарды бала бойына дарытудағы педагогтардың тәжірибесін тарату, шығармашылық әлеуетін көтеру мақсатында ұйымдастырылған жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері, ақынның туыстары, жалпы орта білім беру ұйымдарының басшылары, педагогтар қатысты.

Іс-шара Фариза Оңғарсынованың құрметіне жасалған барельефтің ашылуымен басталып, құрметті қонақтар мектепті аралады. «Фаризатану» кабинетінде ақынның қолданған заттарын, марапаттарын, фотосуреттерін, кітаптарын, басылымдарға шыққан өлеңдерін тамашалап, оқушылар оқыған жырларды тындады. Фариза ақынның отбасы биылғы мерейтойына орай мектепке киіз үй тарту етті. Ұлттық бұйым таныстырылып, соның ішінде ақынның рухына құран бағышталды.

85 ОҚУШЫ ШЫРҚАҒАН ӘНУРАН

«Әйел атты ұлылық!» атты әдеби-сазды қойылымда мектеп ұстаздары мен оқушылары өнер көрсетті. Онда ақынның балалық шағынан бастап алғашқы махаббат пен адал жүректің айнымас серті, асқақ болмысы туралы әсерлі көріністер қойылды. Мерейтойға орай 85 оқушыдан жасақталған хор аталмыш мектептің «Фариза» әнұранын (сөзін жазған – Нұржан Өмірбай, ән авторы – Болат Қошаманов) шырқады.

ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ТОЙДЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Астана қаласының Білім басқармасы мен Әдістемелік орталығы, Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия



ұйымдастырған жиынды ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мен Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Кәрімбек Құрманалиев жүргізді. Алдымен сөз алған Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Ерлан Қалмақов министр Ғани Бейсембаевтың құттықтау хатын оқып берді.

Ғылым және жоғары білім министрлігі тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов Фариза Оңғарсынованың қайраткерлік қырлары туралы әңгімеледі. Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазиев мектептерге көрнекті тұлғалардың есімін беру маңызына тоқталды.

«Қазір елордадағы 50-ден астам мектепке көрнекті тұлғалардың есімі берілді. Мұндай шешім мектеп оқушыларына жақсы тәрбие береді деп ойлаймын. Мәселен, бұл білім ошағында оқушылар Фариза Оңғарсынованың өлеңдерін оқып жатыр. Бұл – қуантарлық жағдай. Бүгінгі іс-шараны ұйымдастырып отырған мектеп ұжымына алғысымды білдіремін. Тек оқушылар

ғана емес, ұстаздар да сахнаға шығып, өз шәкірттеріне үлгі көрсетіп жатыр» деді басқарма басшысы.

ӨМІРДІ ӨЛЕН ДЕП ТАНЫДЫ

Көрнекті жазушы-драматург, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Роза Мұқанова ақынның болмысына, әдебиетке сіңірген еңбегіне тоқталды.

«Біз сыр алысып, көп сөйлескен жандар емеспіз. Бірақ оның ақындық тұлғасы мен өзіне тән өршіл мінезі, өзгеше тағдыры басқалармен салыстыруға келмейді. Тағдырын өлеңге өргізіп, тіршіліктің басқа қызығынан саналы түрде бас тартқан тұлға болатын. Фариза өлеңнің ләззатына да, азабына да мойын ұсынды, екі өмір таңдамады, өмірді өлең деп таныды» деген Роза Мұқанова Мұқағали мен Фаризаның жақсы тәрбие береді деп ойлаймын. Мәселен, бұл білім ошағында оқушылар Фариза Оңғарсынованың өлеңдерін оқып жатыр. Бұл – қуантарлық жағдай. Бүгінгі іс-шараны ұйымдастырып отырған мектеп ұжымына алғысымды білдіремін. Тек оқушылар

ғана емес, ұстаздар да сахнаға шығып, өз шәкірттеріне үлгі көрсетіп жатыр» деді басқарма басшысы.

кітаптың авторы Гүлсім Еңсепова ақынның журналистік жолы және еңбегі жайында әңгімеледі. Соның ішінде 1966 жылы Гурьев облыстық «Коммунистік еңбек» газетінен журналистік қызметін бастап, Шерхан Мұртазаның көзіне түсіп, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш» газетінің Ақтобе, Гурьев, Орал облыстары бойынша меншікті тілші болғанын, кейіннен «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Пионер» (қазіргі «Ақ желкен») журналдарын бас редакторы болғанын атап өтті.

«Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры, академик Дихан Қамзабекұлы конференцияға бейнеқұттықтау жолдады. Онда Фариза Оңғарсынова кезінде қазір аталмыш серіктестікке қарасты басылымдарды басқарғанын еске салып, бұл басылымдар биыл мерейтойына орай арнайы нөмірлер шығарғанын айтты. Ақын журналист ретінде Шерхан Мұртазаның шекпенінен шыққанын, Астана қаласының қалыптасуына атсалысқанын атап өтті.

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕНІҢ МҰҢЫН ТОЛҒАДЫ

Қазақстанның еңбек сіңірген заңгері, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Ирак Елеке-

ев Фариза Оңғарсынованың Парламент депутаты кезіндегі еңбегіне тоқталды. Сонда өзі сайланған мұнайлы өлкенің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің көтерілуіне атсалысқанын, мәселен, облыс бюджетінің 4 миллиардтан 28 миллиардқа, одан соң 45 миллиардқа өсуіне үлес қосқанын, ана мен бала құқығын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықты тыю секілді Мәжілісте өткір, өзекті мәселелерді көтергенін атап өтті.

Көнеторлар кеңесі төрағасының орынбасары Бірғаным Әйтимова осы іс-шараның үлкен мән-маңызы туралы айтып, Фариза Оңғарсынованың бөлек болмысына тоқталды. Астана қаласының Бала құқықтары жөніндегі уәкілі Әсіма Бимендина аталмыш мектепке Фариза ақынның аты берілуімен үлкен тәрбие жұмысы басталғанын атап өтті.

ЖЫРДЫ ҚҰРМЕТТЕЙТІН МЕКТЕП

Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия директоры Нұрлан Ысқақовтың айтуынша, осы мектепке Фариза Оңғарсынованың есімі 2022 жылы берілді. Содан бері оған арналған екі қалалық және екі республикалық ауқымды

іс-шара ұйымдастырылды. Биыл ақынның мерейтойына орай мектепте арнайы барельеф жасалып, «Фаризатану» кабинеті жаңартылды. Бұл кабинет ақынның өміріне байланысты негізгі 5 бөлімнен тұрады.

Мектеп басшысы жалпы елімізде Фариза Оңғарсынова атында 4 мектеп барын айтып, өзі басқарып отырған білім ошағының ақынды насихаттау, шығармашылығы арқылы оқушыларды тәрбиелеу бағытындағы жұмыстарға тоқталды. Жыл сайын ақынның туған күніне орай «Фариза оқулары» республикалық байқауы мен республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізуді Оқу-ағарту министрлігінің арнайы бұйрығымен бекітуді ұсынды. Жиын соңында қарар қабылданып, аталмыш ұсыныстар құжатқа енгізілді.

Конференциямен қатар «Фариза – поэзия падишасы», басқа да тақырыптарда тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Секциялық отырыста «Ф.Оңғарсынова поэзиясы: нәзіктік пен қайсарлық», «Фариза поэзиясы: ұлттық мүдде және жаһандық бағытта зерттеу мәселелері», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» тақырыптары талқыланып, ұлттық құндылықтар бағыты әңгіме өзегіне айналды.

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ – «ЕРТЕГІ ТҮННІҢ ӘУЕНІ»

Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында кішкентай көрермендерге арналған «Ертегі түннің әуені» қойылымының премьерасы өтті.

Қойылымның қоюшы режиссері – Қазақстан Жастар одағы «Серпер» сыйлығының лауреаты Олжас Дәлелхан. Ертегінің сюжеттік желісі Г.Х.Андерсеннің әйгілі «Ұсқынсыз үйрек» пен «Бұршақ үстіндегі ханшайым», Э.Т.А. Гофманның танымал «Шақылдақ», сондай-ақ үнді халық

ертегісі «Алтын антилопа» шығармаларынан құралған. Қазақ тіліне «Серпер» сыйлығының лауреаты Шах-Мұрат Ордабаев пен «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Мирас Әбіл аударды.

Қойылымның басты ерекшелігі – классикалық музыка мен

заманауи хиттердің музыкалық ансамбльдің сүйемелдеуімен орындалуы. Бұл көрермендерді ерекше әсерге бөлеп, ертегілер әлеміне жетелейді. Спектакль балалардың шығармашылық ойлауын, қиялын дамытуға ықпал етіп, өнер мен сұлулыққа деген сүйіспеншілігін арттырады.

Сахна төріндегі әсерлі атмосфера қоюшы суретші Ерлан Тұяқовтың еңбегінің арқасында туды. Спектакльдегі музыкалық үйлесімділігі

Айша Сырымбай мен Маржанныр Мәкібаева реттесе, көріністерді жандандыруға хореограф Асан Бораншы үлес қосты.

Қойылымда жас әртістер – А.Мамыр, М.Наменов, Ә.Бектас, Қ.Садықов, С.Анварова, Г.Исмайлықызы, С.Сағынова, Е.Айымғазы және музыкалық ансамбль өнер көрсетті. Олардың әрқайсысы сахнада шынайы бейнелер жасап, көрермендердің ықыласына бөленді.



Еліміздің мемлекеттік қызмет туралы заңнамада еңбек ардагері Кеңесбек Махамбетовтің еңбек еткен жылдарын «тұрақты кәсіби негізде жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші» деп анықтаған. Кеңесбек Ізбасарұлы мемлекеттік әкімшілік қызметші ретіндегі еңбек жолы 1975 жылы Қызылорда облысының Жалағаш кентінде «Главриссовхозстрой» СПО №14 жылжымалы мехколонна шебері лауазымында бастады. Ленинград қаласында алты жыл оқып, әр жылғы тағылымдамаларын ірі орталықтарда өткізіп, білімін шыңдап келген жас маманды жолдамамен алыс ауданға жіберу сол кездегі қалыпты жағдай еді. Содан бері Қызылорда обкомы бірінші хатшысының көмекшісі, облыс әкімінің ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің меңгерушісі, Қызылорда облысы әкімі аппаратының, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының басшысы, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кеңесшісі, осы министрліктің әкімшілік департаментінің директоры қызметтерін атқарып, зейнетке шықты. Әлі күнге дейін қоғамдық қызметтерден қол үзбеген кәсіби мемлекеттік қызметшінің пікірін тыңдадық.

– Кеңесбек аға, өзіңіз бес жыл бойында көмекшісі болып қызмет еткен Еркін Әуелбековпен 1997 жылы кездесуіңізде айтылған әңгімені есіңізге салайыншы. Сонда: «Иә, балаларыма, туысқандарыма деп байлық жинамадым. Коттедж, саяжай, шетелдік қымбат көлік дегенге қызықпадым, мұрат тұтпадым бірақ, менің артымда жылдар бойы жиған абырой-атағым қалып барады. Бұл ең қымбат қазына деп есептеймін» деген екен.

– Иә, дәл осы ойларды ол кісі 1998 жылғы жазда Астананың тұсаукесеріне келгенінде де қайталап айтты. Сол жолы бірге қызметтес болған кездерімізді еске алып, «жұмыс барысында өзіңе қатты сөйлеп, не артық талап етіп қысып жіберген кездерім болған жоқ па?» деп те сұрады. Мен ағынан жарылған Еркін Нұржанұлының сауалына таң қалдым, алайда ол кісіге деген құрметіме көлеңке түсіретіндей ешнәрсе ойыма келмеді.

Жасымнан әке-шешеміз «ала жіпті аттама, қара су ішіп, қара нан жесең де, Үкіметтің қазынасына қол сұқпа» дегендей адалдықтың дөнін екті. Мектепте соғыс кезінде қоршауда қалған Ленинградтың өте зиялы білімді мұғалімдері ұстаздық етті. Соның ықпалы болар, жоғары білімді Ленинградта алдым. Ағам Аралбай мен оқуға түскенде «сен екі диплом алып шығасың, біріншісі институт берген жоғары білім, инженер дипломы, екіншісі институттан да ыстық әлем және орыс мәдениетінің жетістіктері шоғырланған қаласы – Ленинградтың өзі» деп еді.

Ал қызмет жолымда бағыт көрсеткен жарық жұлдыздай жарқ етіп, 42 жасында дүниеден өткен Аралбай ағам болса, бойымдағы кемелдіктің жолын қалаған ұстазым – Еркін Әуелбековтің орны бөлек еді. Осы кісілердің тағылымы менің өмірлік ұстанымның негізін қалады.

– Осындай мектептен өткен кәсіби маманға мемлекет қызметшісінің бүгінгі келбеті көңіліңізден шыға ма? Бүгінгі қоғамда ұлт мүддесіне адалдық, бар күш-жігерін ел игілігіне сарп еткен шенеуніктерді іздеп табу қиын емес пе?

– Еркін ағамыз да қоғамдағы рухани құндылықтардың



АДАЛДЫҚ БОЛМАСА, АЛҒА БАСПАЙМЫЗ

құнсызданып бара жатқаны жанына батып, алаң көңілмен кетті. Өкінішке қарай, көптеген шенеуніктердің әдепсіз мінез-құлқына байланысты мемлекеттік басқару қызметкерлерінің «қарапайымдылық» және «адалдық» түсініктері архаикалық ұғымға айналып барады. Біраз жылдар бұрын өзім қызметте жүргенде аймақтық деңгейдегі менеджерлердің бірінің өзі басқарған ұжымның қызметкерлерімен алғашқы кездесуінде: «Мансабын өз пайдасына пайдалана алмайтын қызметкерлерді түсінбеймін» дегені есімде.

Лауазымды қызметке келгеніне ай толмай-ақ, жергілікті жағдайды зерттеп, өз мүмкіндіктерін екшеп, атқарар ісін пайымдамай жатып, айнала-сына «пиарщиктерді» жинап алып, жүрген-тұрғанын тынбастан насихаттайтын шенеуніктердің ісіне көз үйренді. Күнделікті жұмыс істесе, адамдармен кездесе оның бәрі қызметінің шегіндегі міндетіне кіреді. Мәселе, ісімен де, сөзімен де жақсы нәтижеге қол жеткізуде жатыр.

Жоғары деңгейдегі мемлекеттік қызметкерлер мен Парламент депутаттары арасында диссертация қорғау, ғылыми дәреже мен атақ алу «сәнге» ай-

налған. Ғылымымыздың көші алысқа ұзай қоймаса да саяси шенеуніктердің, халық қалаулыларының арасынан докторлар, профессорлар, академиктер қатары қаулап кетті.

– «Болашақ» түлектері немесе жоғары оқу орындарын бітіре салысымен тәжірибе жинамай-ақ үлкен лауазымға тағайындалып жатқандар да жоқ емес...

– Менің ойымша, мемлекеттік қызметшілердің әрбір санаты үшін бірегей шекті белгілеу қажет, содан кейін өтініш беруші жұмысқа қабылдануы мүмкін. Мәселен, жоғары оқу орнын бітірушілерге келетін болсақ, өңірлік деңгейдегі басқармаларға төменгі буын құрылымдарында кемінде бір жыл, ал орталық органдарға екі жылдан кем емес жұмыс істегендер ғана қабылдануы тиіс. «Болашақ» түлектері үшін грацияша шамамен бірдей болуы керек (қысқартылған мерзіммен).



Мемлекетшіл қызметкер ретінде мен үшін халықтың мүддесі жоғары. Әуелбековтің «сөз бен істің бірлігі» принципі менің жанымға жақын. Ел басындағы азаматтардың мәселені білу үшін жағдайды біліп, түбіне дейін зерттеп барып, тоқтерін айтуы – үлкен қасиет

жыл сайын кешегі университет түлектерінің он, жиырма пайызға дейін орталық мемлекеттік органдарға (өңірлік деңгейді айтпағанда) жұмысқа қабылданады. Бірақ дағдылары жоқ кешегі студент жауапкершілік жүгін бірден көтеріп алып жүре ала ма? Ол тіпті министрліктің міндеттерінің не екенін бағамдай алмай жүргенде, өзіне тапсырылған тұтас бір саланың стратегиясын дайындай ала ма? Әдетте мұндай жас маман «барып кел, алып кел» сияқты тапсырмалармен «қолбалаға» айналып, кәсіби өсейі қалады.

Ал жоғары билік органдарында – Президент Әкімшілігінде, Үкіметте, Парламентте, Жоғарғы Сотта өмірді оқу-

лықтан емес, іс жүзінде білетін мемлекеттік қызметкерлерге басымдық беру қажеттігі айтпаса да түсінікті.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің мансаптық қызметі туралы заңнамаға өзгерістер енгізу қажет. Оларға белгілі бір мемлекеттік органдарда атқаратын қызметінде мерзім белгіленуі керек. Қызметкер жұмыс істегеннен кейін, егер ол белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келсе, сол бөлімшеде теңдес дәрежедегі лауазымға ауысуы немесе басқа да ұқсас лауазымға көтерілуі (немесе басқа аймаққа ауысуы) керек. Бірнеше сатыдан өтпей-ақ жоғары лауазымға секіріп кетпеу мәселелерін заңнамалық тұрғыда пысықтауды қажет етеді. Бұл туралы бұрындары да айтып жүрмін.

– Сіздер қызмет еткен кездеріңізде мемлекет құрылымына, мемлекеттік қызмет сапасына зиянын тигізетін жайттар болмап па еді?

– Мен қызмет жолымда Исатай Әбдікәрімов, Тәкей Есетов, Еркін Әуелбеков, Сейілбек Шаухаманов, Бердібек Сапарбаев сынды ірі мемлекет қайраткерлері кездесіп, қол астында жұмыс істедім. Әрқайсысының ел басқарудағы өзіндік көзқарасы, ерекше қолтаңбасы қалды. Соның ішінде Еркін Нұржанұлымен алдымен оның көмекшісі, соңынан облыстық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі ретінде тығыз араластым, өмірдің түрлі жағдайында көрдім. Жасыратыны жоқ, қазіргі күнге дейін осындай сирек кездесетін тұлғаның ықпалындамын, жоғары бағалаймын. Терең ойлы әрі жігерлі, ауқымды ойлай алатын адам. Бізге келгенге дейін еліміздің екі министрілігін, екі өңірін басқарған іскерлігі мен тәжірибесі айдан айқын сезіліп тұрды.

Еркін Әуелбековтің бойында мені еріксіз таң қалдырған қасиеттер – оның ерекше еңбекқорлығы, жылдам әрі жемісті еңбек ету қабілеттігі, мәселенің мәніне жылдам бойлауы еді. Ол өзінің жеке мүддесін халық қалауынан жоғары қойғандарға аса қатал болды және қайырылмайтын. Мемлекетке, еліне қызметтің ең биік үлгісін көрсетіп, адалдық пен табандылық, еңбексүйгіштік қасиеттердің иесі ретінде жадымда қалды.

– Қарамағындағыларды ортақ мүддеге ұйымдастыра білу де жанкештілік дегіңіз келеді ғой.

– Әрине, Әуелбеков – Қызылорда өңіріне үлкен жасалық алып келген, көптеген әлеуметтік мәселелерді шешіп берген тұлға. Сол кезеңде үлкен серпіліс жасады. Көп басшылар орталықта отырып басқарса, Еркін Нұржанұлы ауылды аралап кететін. Осы жағдай одан кейінгі басшыларға өнеге болды. Басты нысандарды түгел аралап шығып, төрттерде ауыл адамдарын жинайды. «Ал, айтыңдар» деп, ашық әңгімеге шақырып,

тұрғындардың көкейіндегісін білуші еді. Облысқа келген күннен бастап тіпті ауылдардың өзінде қонақ үй ашқызып, «күтіп алып, арақ бергенді қойыңдар» деп бірден кесті.

1989-1995 жылдар аралығында облысты Сейілбек Шаухаманов басқарды. Ол кісі қиын кезде басшылыққа келді, Одақ ыдырап, ел дағдарған шақта сөзге шебер шешендігі бар, дипломатиялық қасиеттері осы кезде аса қажет болды. Халықтың болашақтан үмітін үздірмей, өтпелі кезеңдерде, бір жұдырықтай жұмылдырып адалдығын көрсетті.

Бердібек Сапарбаев – ең ұзақ істес болған әріптесім. Облысқа басшылыққа келгенде әкімдік тәжірибесі болмаған еді. 1995 жылдар тұрмыс мүлдем күрделеніп кетті. Жалақы жоқ, зейнетақы төленбейді. Өндіріс тоқтап тұр. Ауыл шаруашылығы тұралады. Не істейміз, неден бастаймыз дегенде елге бару керек, халыққа басу айтып, ахуалды түсіндірейік дедік. Үлгермей жатқан аймақтарда «қоғамдық көмекші» сайладық. Бұл да – ел басқарудағы жаңалық. Көмекші дегеніміз ел танитын, беделі бар, сөзіне көпшілік тоқтатын азаматтарды тарттық. Қарақожаев, Камал Бердаулетов, Шайхислам Серікбаев сынды азаматтар өкімге кез келген уақытта хабарласып, жағдайды ушықтырмаудың алдын алуға атсалысты.

Бір қызығы, Бердібек Мәшбекұлы Оңтүстік Қазақстан облысына басшылыққа тағайындалғанда, екеуміз келісе отырып мұндай көмекшілердің қызметінің қажеттігі өткенін анықтадық. Бұл қоғамды жаңғыртуға, ел дамуына халықтың бірлігіне, үлкен-кіші демей кірісіп, ортақ нәтижеге жұмыс істетіп үйреткен Еркін Әуелбековтің өнегесінің бір жаңғырығы, сол жылдары рухы көтерілген халықтың таңдауы еді.

Мемлекетшіл қызметкер ретінде мен үшін халықтың мүддесі жоғары. Әуелбековтің «сөз бен істің бірлігі» принципі менің жанымға жақын. Ел басындағы азаматтардың мәселені білу үшін жағдайды біліп, түбіне дейін зерттеп барып, тоқтерін айтуы – үлкен қасиет.

Өкінішке қарай, қазіргі басшылар арасында зерттемей, зерделемей жатып әлдекімнің қолайына қарай қолдап жіберетін жобалар көп. Алысқа бармаңыз, ЛРТ құрылысы – соның дәлелі. «Кеше ашты, бүгін жапты» дегендей зауыттар болды, ауқымды жобаларға шенеуніктердің атүсті қарауының нәтижесінде ұтылып жатырмыз. Паракорлық өршіп тұр. Бір алады, екі алады, паракорлық қанына сіңіп кетеді. Мемлекет қызметшісінде паракорлыққа қарсы тұратын күш болуы керек. Ол – отансүйгіштік, мемлекет ісіне адалдық. Олай болмаған жерде ілгерілеу қиынға түседі.

Сұхбаттасқан
Айгүл УАИС

АҚПАРАТ ЖОЛДАЙ АЛАСЫЗ

Елордалықтар кез келген сыбайлас жемқорлық фактілері туралы жылдам түрде хабарлай алады. Ол үшін Smart Astana мобильді қосымшасындағы «Stop сыбайлас жемқорлық» сервисін қолдану керек. Stop сыбайлас жемқорлық» сервисі мобильді қосымшаға 2023 жылы енгізілді. Ол арқылы азаматтар сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы ақпаратты тиісті органдарға жолдай алады.

Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасының мәліметіне сүйенсек, сервис азаматтардың құқықтарын қорғауға

және әділ қоғамның қалыптасуына ықпал ету мақсатында әзірленген. Ол Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қалалық департа-

ментімен бірлесіп жасалған. Аталмыш сервис 3 бөлімнен тұрады. Біріншісі – «Жемқорлық бойынша шағымдану». Мұнда қала тұрғыны құқық

қорғау, салық, білім беру, денсаулық сақтау, сот жүйесіндегі және өзге мемлекеттік ұйымдардағы пара талап ету дерегі бойынша шағым қалдыра алады.

Екіншісі – «Жемқорлық бойынша арыздану». Бұл бөлімде қала тұрғыны орын алған немесе дайындалып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстық құқықбұзушылық бойынша арыз қалдырады. Ол үшін арызды қолмен жазып,

электронды нұсқасын жолдау керек.

Үшіншісі – «Call-орталық 1424». Мұнда пайдаланушы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің call-орталығымен тікелей хабарласып, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы шағымдана алады.

Stop сыбайлас жемқорлық» сервисін қолдану үшін Smart Astana қосымшасын App Store немесе Google Play

дүкенінен жүктеп алып, тіркуден өтіңіз. Қолданбаның басты бетінде «Stop сыбайлас жемқорлық» бөлімін таңдаңыз. Мұнда өзіңізге қажет түймені басыңыз. Оқиғаның болғаны туралы, орнын, күнін, байланыс деректерін хабарлаңыз. Осылайша сіздің шағымныңыз жедел қарау үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қалалық департаментіне жіберіледі.



ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН

Кеше Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің әскери-тарихи мұражайында әділет генерал-майоры, профессор Рустем Қайдаров туралы «Отанға қызмет етуге арналған ғұмыр» атты ерлік сабағы мен еске алу кеші өтті.

Шапағат ӘБДІР

Ең әуелі мемлекеттік гимнмен басталған іс-шараға Қорғаныс саласының, Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлері және әскери оқушылар қатысты.

Қатысушылар Рустем Есімханұлының жүріп өткен жолы, әскери өмірдің айнасына айналғысы келген әрбір жанға айнымас үлгі екенін айтып,

жылы-жылы естеліктерімен бөлісті.

– Біз бүгін «Парасат», «Құрмет», «Достық жұлдызы», «Отанға қызметі үшін», «Еңбегі үшін» орден-медалдерімен және Қазақстан, Ресей, Украина елдерінің отыздан астам медалімен марапатталған, қазақтың батыр ұлы Рустем Есімханұлы еске алуға жиналып отырмыз. Шын мәнінде ол кісінің істеген істері орасан зор. Ол кісі «Генералдар кеңесінің» негізін қалап, оны

өзі он тоғыз жыл бойы басқарды. Сол кісінің арқасында ол жолбасшы ұйым болды десек қателеспейміз. Сондай-ақ ол Қазақстан Республикасының дербестігін нығайту жолында қарулы күштер мен құқық қорғау саласындағы және арнаулы әскери қызметкерлердің құқықтарын қорғау жолында аянбай еңбек етті. Жалпы еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында оның төккен тері мен еткен еңбегі зор. Оны біз әрқашанда

мақтанышпен еске аламыз. Бүгінгі жастарымыз оның осы бір асыл қасиеттерінен үйреніп, отанға, елге қызмет етуі тиіс. Сондықтан да бүгінгі іс-шараға жастарды көптеп шақырдық, – дейді «Генералдар кеңесі» РҚБ Астана қаласы бойынша филиалының төрағасы Өміртай Битимов.

Іс-шара барысында сөз ұсынылған түрлі дәрежедегі әскери қызметкерлер, Ұлттық қауіпсіздік қызметінің ардагерлері мен ішкі істер министрлігінің өкілдері сөз сөйлеп, Рустем Қайдаровтың өзі кетсе де, істеген ісі мәңгілік ұрпаққа мұра екенін айтып дәріптеді. Соңында барлығы естелік суретке түсіп тарқасты.

КЕШЕГІ КҮНДЕР КУӘСІ

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында елімізде алғаш арнайы жасақ бөлімшесінің негізін қалаушы және алғашқы командирі, ҚР ІІМ Еңбек сіңірген қызметкері және ҚР Құрметті ардагері, спорттың қоян-қолтық жекпе-жек түрінен әлем чемпионы, отставкадағы полиция полковнигі Даулет Темірхановтың «Бүгілмес болат, сынбас семсер» кітабының тұсаукесері өтті.



Қалиқбар УСЕМХАНҰЛЫ

Деректі детектив желісінде жазылған, үш бөлімнен тұратын кітапта 1990 жылдардағы кепілге алынғандарды босату, қарулы қылмыскерлер мен ұйымдасқан қылмыстық топтарды ұстау және жою, қоғамға қауіп төндірген экстремизм мен терроризм актілерін оқшаулау, т.б. арнайы жасақтың ерен еңбегі мен ерлік істері баяндалған. Сонымен қатар,

автор өз кәсіби және өмірлік жолы туралы да тоқталып, болашақ ұрпақ үшін адалдық пен патриоттық рухтың маңыздылығын ерекше атап өтеді.

– Кітапта жайшылықта айтыла бермейтін, өте күрделі де қауіпті операциялар туралы баяндалған. Олардың ішінде «баронның оқиғасы», кепілге алынған адамдарды босату, экстремистермен болған қақтығыстар, 2011 жылғы оқиғалар және басқа детективке бергісіз операциялар бар. Бұл оқиғалар

Дәукеңнің өз қызмет жолында қаншалықты жауапты, қатерлі сәттерді басынан өткергенін білдіреді. Дәукең командир болған уақыт ішінде «Арлан» арнайы жасағы 1242 шұғыл тапсырмаға шығып, сан түрлі қауіп-қатермен бетпе-бет келген екен. Сол барыста 13 әріптесінің қаза табуы Дәукеңнің жүрегінде жазылмас жара болып қалса керек, сол әріптесінің де атын кітапқа енгізіп, олардың рухына тағзым етуі де автордың асқақ адамгершілігін айғақтаса

керек, – деді белгілі мемлекет қайраткері Әлихан Бейменов кітап жайлы тоқталғанда.

Даулет Әмірханұлы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Еңбек сіңірген қызметкері» және «Құрметті ардагері», ҚР грек-рим, «ҚР Құрметті спорт қызметкері», «ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы», «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері». Ол 2023 жылы қоян-қолтық ұрыстан әлем чемпионы болып, «4-дан, Қара белбеу» және Әлем кубогының жеңімпазы атанды.

ЕЛОРДА – СПОРТ ҚАЛАСЫ

Биыл елордада 640-тан астам спорттық іс-шара өтті. Бұл туралы ҚР Туризм және спорт министрінің орынбасары Серік Жарасбаев Астана тұрғындарымен есеп беру кездесуінде айтты.

– Биыл елордада шахматтың рапид және блиц түрінен, самбодан және асық атудан әлем чемпионаттары, теннистен Дэвис кубогы сияқты құрамасы 112 медаль жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте бірінші орынға ие болды, – деп атап өтті ол.

Бұйырса, алдағы келе жатқан 2025 жылдың ақпанында Қытайдың Харбин қаласында қысқы Азия ойындары өтпек, оған 139 қазақстандық спортшы, оның ішінде елорданың 37 өкілі қатысады.

Бұйырса, алдағы келе жатқан 2025 жылдың ақпанында Қытайдың Харбин қаласында қысқы Азия ойындары өтпек, оған 139 қазақстандық спортшы, оның ішінде елорданың 37 өкілі қатысады.



АСТАНАЛЫҚ БАЛУАН МАРАПАТТАЛДЫ

Елордада ҚР грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы 2024 жылдың қорытындысы бойынша үздіктерді марапаттады.

Астаналық балуан Ризабек Айтмұхан «Жыл серпілісі» номинациясына ие болды. Еркін күрестен тұңғыш Әлем чемпионы Ризабек Айтмұхан 2024 жылды өте жемісті өткізді. Көктемде Бішкекте өткен Азия чемпионатында күміс жүлде иеленсе, күзде 20 жасқа дейінгі және 23 жасқа дейінгі Әлем чемпионатында топ жарды. Осы жетістіктерін ескере отырып, ҚР грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы Ризабек Айтмұханды «Жыл серпілісі» номинациясына лайық деп тапты.

Жадыраев (Париж Олимпиадасының күміс жүлдегері) – «Жыл спортшысы», Қонысбек Түкенов (U-20 аға бапкері) – «Үздік бапкер», Ксения Дробина (халықаралық дәрежедегі төреші) – «Үздік төреші» атағымен марапатталды. Сонымен қатар осы жылы медаль алған 64 жүлдегер ақшалай сыйақы алды. Олардың арасында Тиранада өткен Олимпиадалық емес салмақ бойынша Әлем чемпионатында 72 келіде күміс жүлдегер атанған Жәмила Бақбергенова да бар.

Мұнан сырт, Демеу

Қайпанов пен Ислам Евловка пәтер кілттері табысталды.

